

Заңсыз араласу актілерінен азаматтық авиацияның авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 шілдедегі N 929

Заңсыз араласу актілерінен азаматтық авиацияның авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық конвенциялар мен шарттар жөніндегі өз міндеттемелерін толық көлемде орындауы мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік комиссия мына құрамда құрылсын:

Есенғарин Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары
(төраға)

Әлиғожанов С.Қ. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі (төрағаның орынбасары)

Иванов В.С. - "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы авиациялық қауіпсіздік бөлімінің бас маманы
(хатшы)

Комиссия мүшелері:

Әбусейітов К.Х. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі халықаралық қауіпсіздік басқармасының бастығы

Боранбаев С.Ж. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі әуе көлігі департаментінің директоры

Васильев В.Н. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі ӘҚБ БЖ бас орталығының бастығы

Дагаев Л.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық

қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары

Ысқақов Б.Ғ. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрінің бірінші орынбасары

Қапсұлтанов А.Қ. - Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинеті жанындағы Кеден комитеті
төрағасының бірінші орынбасары

Лабусов В.Г. - "Қазақстан әуе жолы" ұлттық
акционерлік авиакомпаниясы авиация
қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы

Ларионов О.Н. - Қазақстан Республикасы Президенті
күзет қызметі бастығының орынбасары

Петров В.В. - Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комиссиясының бөлім меңгерушісі

Петяшин Е.В. - "Қазақстан әуе жолы" ұлттық
акционерлік авиакомпаниясының
вице-президенті

Тихонов С.В. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің бірінші орынбасары

Уажанов Т.У. - Қазақстан шекаралық бақылау бөлімі
бастығының орынбасары

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
министрлігі:

Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясы авиациялық
қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Ережені бір
ай мерзім ішінде;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп әзірленген Қазақстан
Республикасы Азаматтық авиациясы авиациялық қауіпсіздігі бағдарламасын
үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейін Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК